

№6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасының
қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 2 хаттама көшірмесі

Өткізілген күні: 08.02.2023 жыл

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі ,балабақша әдіскері, педагогтар,
қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Күн тәртібі:

- 1.№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.
- 2.Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша бақша ішілік бұйрық шығару.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Ж Бурханова сөз алды: Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы қараша айында бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2023 жылғы ақпан ішінде балабақшамызда өзін – өзі бағалау жүргізілуі керектігін айтты.

Әдіскер Малаева Г.А сөз алды:

Мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады. Бағалау барысында барлық топтардың үлгілік бағдарламаға сай перспективтік жоспарлары, циклограммалары, тәрбиеленушілердің біліктілігін анықтайтын мониторинглер, мекеменің негізгі құжаттары, балабақшаның жылдық жоспары, оқу жұмыс жоспары және педагогтар , тәрбиеленушілер туралы мәлімет , жабдықтар , оқу кешендері туралы қосымшалар толтырылу керек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын –педагогтер, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері); онлайн форматта сауалнама жүргізлетіні туралы айтып өтті.

Кустанова Л.-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Балабақшамыздың педагогтары бұрыннан жұмыс жасап кележатқан маман иелері, әрбір өткізген мерекелік шаралар , балаларман қарым – қатынастары ата – аналар көңілінен шығатынын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Ж Бурханова сөз алды:

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша БҰЙЫРАМЫН:

1.2023 жылғы 10 ақпан- 24 ақпан аралығында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 6»Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына өзін – өзі бағалау жүргізілсін.

2.Балабақшаның өзін – өзі бағалауын өткізу бойынша сараптау комиссия бекітілсін:

Комиссия төрағасы : Бурханова Ж.Ж

Комиссия мүшелері:

Малаева Г.А

Аймағамбетова Г.М

Надиршина Қ.А

Кубаева Қ.А

3.Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы

5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізге алынсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзімізге қалдырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Курманбаев Д қорытындылады. Балабақшамыз мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалаудың сапалы өтуіне сенім білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып,шешімдер қабылданды:

№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу сапалы ұйымдастырылсын.


Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша бақша ішлік бұйрық бекітілсін.

Төраға: Курманбаев Д 


Мүшелері:

Аязбаева Г 

Ущалова А 

Кустанова Л 

Рысмағамбетова К 

Жакешова Б 

Төремұратова А 

Хатшы : Надиршина Қ.А



